

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚИТУ ҮРДСІН КРИТИКАЛЫҚ ОЙЛАУ АРҚЫЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мұханбетова Әсемей Нұрланқызы

nurzhitova03@bk.ru

Шетел тілдері және мәдениетаралық байланыс білім бағдарламасының 2 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, PhD, қауымдастырылған профессор - Аширханова Қ.М.

Бүгінгі таңдағы білім беру – өсіп келе жатқан ұрпақтың ақыл-ойы мен дамуының, мәдениетінің деңгейін анықтаушы фактор. Мемлекетіміздің елбасы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, экономиканың қарқынды дамуы үшін қазіргі нарық қатынасы талаптарына жауап бере алатын, сыни ойлана алатын, шығармашыл адамдар қажет[1].

Білім берудің негізгі мақсатына қатысты қазіргі қоғамда жаңа ұғым пайда болды. Мұғалім ең алдымен оқушыда өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға ат салысу керек. Өйткені, бұл тұлғаны ұлттық және әлемдік мәдениетке үйлесуге апаратын сара жол. Бүкіл дүние жүзіндегі болып жатқан осындай құндылықтардың өзгеруі жаңа ғасырға жас ұрпақты дайындау міндетімен байланысты. Біздің қоғамға жаңа мағлұматтарды қабылдап қана қоймай, оны ойлана отырып, сыни талқылап, ой елегінен өткізе білетін оқушылар керек. Яғни, оқушылар мағлұматтар мен идеяларды өз беттерімен, тәуелсіз меңгеріп, осы алған мәліметтері пайдалы болатындай ойланулары керек. Олар жаңа идеяларды әр түрлі көзқараспен зерттеп, шынайылығы мен пайдасын талқылап, идеяның жалпы құндылығын анықтай алулары қажет. Жиырма бірінші ғасырға аяқ басқан жас ұрпақты жарқын болашақта лайықты өмір сүруге жақсылап дайындау білім беру саласында қызмет атқарып жүрген кез-келген маман үшін кезек күттірмейтін мәселе[2]. Яғни, гуманизм мен демократия идеялары басты бағыт болып тұрған жаңа ғасырда білім беру жүйесіне де жаңа тәжірибелер енгізу керек. Сонда ғана болашақта нәтижелі жұмыс атқарамыз. Осыған байланысты «Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» жобасы арқылы оқушылардың құзіреттілігін қалыптастыру жолдары деген тақырыпта мақала жазылған еді. Дегенмен, мұғалімдер осы жобамен жұмыс істеу үшін оның теориялық, әдіснамалық ерекшеліктерін білулері керек деп ойлаймыз. Сондықтан да «оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» жобасының ерекшеліктері тақырыбының төңірегінде сөз қозғайық.

Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген АҚШ ғалымдары Джинни Стилл, Куртис Мередит, Чарльз Темпл. Бұл жоба атақты ғалым зерттеушілер Ж. Пиаже мен Л.С. Выготскийдің даму теорияларын басшылыққа алады. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту жобасының мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген құбылыс пен заттарға, әрекет пен мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, көптеген пікірдің ішінен біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету[3].

Қазақстанда сыни тұрғысынан ойлауды дамыту жобасы 1990 жылдарда мұғалімдер үшін әйгілі бола бастады. Мазмұны жағынан бұл бағдарлама оқыту әдістері бағытының бірі болып табылады. «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасы – RWCT ағылшынша Reading and Writing for Critical Thinking, яғни орысша аударғанда «Развитие критического мышления через чтение и письмо». RWCT жобасында сабақ құрылымы анық көрсетілген және оқушылардың әрекеттері үшін нақты стратегиялар беріледі[4].

Біздің елімізде Джордж Соростың ашық қоғам институты, «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне ене бастады.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту жобасымен жұмыс істеу үшін осы ұғымның сырын түсініп алуымыз керек. Көптеген зерттеуші ғалымдар «сыни тұрғысынан ойлау» ұғымын белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл

септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді. Сындарлы ойлау ой-дамытудың негізі әрбір тұлғаның терең білімділігі мен тәжірибесінде. Сыни тұрғысынан ойлауды көптеген мұғалімдер мен зерттеушілер «сынау» деген ұғыммен шатастырады. Сондықтан да жұмыстарының нәтижесін көре алмайды. Сыни ойлауға ғалымдар әр түрлі анықтамалар береді. Солардың ішінде психолог ғалым В.Г. Крутецкийдің берген анықтамасы біздің көңілімізден шықты. Ол: «ойдың сыншылдығы – бұл адамның өзінің және басқалардың ойларын белсенді бағалау дағдысы, барлық ұсынылған ережелер мен қорытындыларды нақты және жан-жақты тексеру» дейді. Сыни тұрғыдан ойлау – шындалған ойлау. Бірақ бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау дұрыс емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Мектеп жасындағы балалардың ойлауын зерттеу нәтижелері олардың меңгерген теориялық жалпылауларының маңызды рөлін көрсетті. Дамыта оқыту технологиясының негізін қалаған ғалымдардың бірі В.В. Давыдов былай деп жазады: «Қазіргі уақытта оқыту мазмұны мен әдістері дұрыс таңдалған жағдайда, бастауыш сынып оқушыларында танымдық мүмкіндіктердің қалыптасатыны дәлелденген. Бұл мүмкіндіктер балаларға теориялық сипаттағы математикалық және лингвистикалық білімдерді табысты меңгеруге мүмкіндік береді. Өз кезегінде, бұл олардың теориялық ойлау қабілетінің және шынайы болмысқа деген теориялық көзқарасының қалыптасуына негіз қалайды» [5]. Ал теориялық ойлау ақыл-ой әрекетінің өз еркімен өзін реттеуіне жағдай жасайды. Атақты ғалым Л.С. Выготский: өзінің психологиялық үрдістерін түсіну және игеру «ғылыми ұғымдардың есігі арқылы келеді» деген еді. Ойлау үрдістерін өз бетімен ұйымдастыру ең алдымен бірлескен оқу әрекетінде пайда болады. Оқушы әрекеттің мақсаттары, құралдары мен шарттарының арасындағы қатынасты біртіндеп түсіне бастайды. Қазіргі кезде балада ойлаудың ерекшеліктерін жоғары қарқынмен мақсатты қалыптастыру мүмкін екені дәлелденіп отыр. Ойлау – бұл оқуға, жазу іскерлігіне, сөйлеу мен тыңдауға ұқсас үрдіс.

Сыни ойлау және оқыту мұғалімдер идея мен тәжірибенің әртүрлілігін түсінгенде және қолданғанда пайда болады. Сыни ойлауға оқыту – жеңіл міндет емес. Оны белгілі кезеңде орындап, кейін ұмытып кетуге болмайды. Сыни ойлауға апаратын қатаң реттелген қадамдар тізімі жоқ. Дегенмен сыни ойлауды дамытатын оқу шарттары бар екенін естен шығармау керек. Олар төмендегідей:

1. Оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру.
2. Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
3. Оқушылардың оқу үрдісіндегі белсенділіктерін мадақтау.
4. Оқушыларға мысқылсыз еркін атмосферада жұмыс істейтіндіктеріне кепілдік беру.
5. Сыни тұрғыдан ойлау тәжірибесі үшін уақыт пен мүмкіндіктер қамтамасыз ету.
6. Кез-келген оқушының сыни шешімді қабылдай алатын қабілетіне сенімдік білдіру.
7. Сыни ойлауды бағалау.
8. Тиімді сыни тұрғыдан ойлауға қатысу үшін оқушылар өздеріне деген сенімдерін және өз пікірлері мен идеяларының құндылықтарын түсінуін арттыруға, оқыту үрдісіне белсенді қатысуға, басқалардың пікірлерін сыйлауға, пікірді қолдауға және құрастыруға дайын болулары керек.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту қызметтеріне келесілер жатады: қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаныс. Бұл сатыларды басқаша сабақтың құрылымдық кезеңдері деп те атауға болады. Енді осы кезеңдердің мақсат-міндеттеріне тоқ-талып өтейік.

Бірінші кезең – қызығушылықты ояту. Үйрену үрдісі – бұрынғы білетін мен жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да сабақ қарастырғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғау, ояту, ми қыртысына тігіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді

шарлау» тағы басқа деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы аршылады, тазарады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы білімімен ұштастырады.

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі мағынаны тану (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауға көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында «V» – «білемін», «-» – «білмеймін», «+» – «мен үшін жаңа ақпарат», «?» – «мені таңқалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады.

INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылақ етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды еске сақтау, мәнін жете түсіну күрделі жұмыс. Сондықтан да оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.

Үйренушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құрауға дағдыландырады.

Тақырып туралы ой толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту үрдісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарау, баға беру назардан тыс қалып жатады. Одан гөрі, үйге тапсырма беру, оны түсіндіру, баға қою сияқты шараларға уақыт жіберіп аламыз. Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасында бұл сабақтағы аса қажетті мәнді, маңызды әрекет болып табылады. Дәл осы кезеңде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Белсенді түрде өз білім үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер енгізеді, яғни нағыз білім шыңына көтеріледі, үлкен әлемге енеді. Сол білім арқылы өзінің өзгергенін сезінеді, өзгеше сенім, тәрбиелік, даналыққа бастау алады. Толғануды тиімді етуге лайықталған «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Олар оқушылардың бір-бірімен ой алмастыруын, ой түйістіруін қамтамасыз етеді. Әр оқушы өз шығармашылығын көрсете алады.

Сыни тұрғысынан ойлау бағдарламасындағы мұғалім үйрену үрдісінде оқушыларға серік болып бірге жұмыс жасап, оларға сеніммен қарап өз ойын, ақылын көрсете сөйлеуге қолдау көрсетіп отырады. Яғни, мұғалім бүкіл қайнаған істің ортасында білім алу (үйрену) ісін ұйымдастырушы деуге болады.

Жоғарыда стратегиялар (әдіс) туралы сөз қозғадық. Түсініктірек болу үшін солардың біразына сияттама берейік.

Еркін жазу стратегиясы. Бұл әдісті сын тұрғысынан ойлау жобасындағы сабақтың үшінші ой толғаныс кезеңінде пайдалану тиімді. Мұғалім сабақ бойын қарастырылған жаңа ақпарат жайлы, одан алған әсерін, не үйренгенін, нені әлі де біле түсу керек екенін тағы басқа жайлы өз пікірін қағаз бетіне түсіруді тапсырады. Жазуға уақыт береді. Уақыт аяқталған кезде оқушылар өз жазғандарымен топ мүшелерін таныстырады. Ең жақсы деп танылған жұмысты ұжымда оқуға болады. Оқушыларды алған білімдерін қорытуға оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйрететін бұл әдісті кез келген сабақта қолдануға болады.

Венн диаграммасы. Бір-бірімен айқасқан екі шеңбердің екі жағына салыстыруға берілетін объектілердің сипаттамалары жазылады. Ал айқасқан жерген екеуіне ортақ сипаттар тізіледі. Салыстыруға арналған тапсырмаларды осы диаграммаға салып оқушылар қызыға толтырады яғни салыстыру сияқты күрделі ойлау операциясын меңгереді [6].

«Көп деңгейлі сұрақ» стратегиясы. Тура сұрақтар (Litera I level). Мұндай сұрақтар қандайда бір фразаны немесе түрлерін еске түсіру үшін қойылады. Сұрақтардың жауаптары мәтіннің ішінде кездеседі, оқушыдан оны жаттап алып, айтып беру талап етіледі. Өзгертуді талап ететін сұрақтар (translation questions) жауап берушіден мағлұматты басқа формада жеткізуді күтеді. Мұндай сұрақ қою кезінде оқушы ойша болатын жағдайды елестетіп көріністі суреттеп берулері керек. Яғни, оқушылар ойша елестеткен кейіптер мен дыбыстарды талқылайды. Олар ең алдымен елестету тәжірибесін жинайды, содан кейін сөйлеу арқылы басқаларды өз қабылдауымен таныстырады. Интерпретациялау-сұрақтары (interpretation) оқушыларды идеялар мен фактілер, анықтамалар мен құндылықтар арасындағы байланыстарды табуға үйретеді. Сұрақ-тіркеме (application questions) оқушыларға мәселені шешуге немесе келесі мәселенің логикасы мен себептерін зерттеуге мүмкіндік береді. Сұрақ – баға (Evaluation questions) оқушыларды жақсы, жаман деген сияқты қорытынды шешім қабылдатады.

ЖИГСО – ұжымдық оқыту әдісі. Мақсаты жалпы мәселені алдымен жұпта, сосын ұжымда талқылау. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады. Әдісті қолдану төмендегіше ұйымдастырылады. Алдымен ұжым 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Бұл «жанұя» топтар деп аталады. Содан кейін 1, 2, 3, 4-ке санау арқылы 1-лер бөлек, 2, 3, 4 – өз алдына «жұмыс» тобын құрайды. Оқуға ұсынылатын материалдың тақырыбы талқыланған соң, осы мәтінді түсіну қажет екендігі ескертіледі. 4 логикалық бөлікке бөлінген мәтіннің 1-бөлігін 1-лер, 2-бөлігін 2 санын алғандар, 3, 4 – нөмірлі топтарға оқуға тапсырылады. Жұмысты бастамас бұрын оқушыларға «жұмыс тобында» мәтіннің тиісті бөлігін жақсы меңгеру қажеттілігін, өйткені сол бөлікті «жанұя топ» оқушыларына түсіндіруге жауапты екенін, мәтінді тұтас түсіну әр оқушының ыждағаттылығына байланысты екенін түсіндіру қажет. Келесі кезекте ұжым мүшелері бастапқы топтармен қайта табысып, өздерінің үйреніп келген бөліктеріндегі мазмұнды ортаға салады. Осылайша ұжым мүшелері бірін-бірі оқытуға, сол арқылы ойлауға үйренеді.

ЖИГСО – стратегиясы мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін өте тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды. Сондай-ақ олар мұғалімді, мектеп қызметкерлерін түсіну, оларға деген дұрыс көзқарасқа үйренеді.

«Қос жазба күнделігі» стратегиясы. Қандай да бір мәтін, әңгіме оқыған кезде оқушылар дәптерлерінің ортасынан вертикаль сызық жүргізеді. Мәтінді оқу барысында олар сызықтың бір жағына әсер еткен тұстар мен үзінділерін жазса, екінші жағына пікірін, яғни, нені еске түсіретінін, себеп салдарын жазады. Барлық оқушы тапсырманы орындап болған соң жұпта, топта талқылау ұйымдастырылады. Жұмыс аяқталған кезде мұғалім қорытуға арналған әзірлеп келген сұрақтарын қойып, жауаптар алады.

Осылайша сыни тұрғыдан ойлауды дамытуда қолданылатын стратегиялар оқушыларға мынандай мүмкіндіктер береді:

- айқын мақсат қоя білу;
- белсенді қатысуды қолдау;
- жақсы дискуссияның болуына себеп тудыру;
- өзінің жеке сұрақтарын құрастыру мен қоюға деген ынталарын жандандыру;
- өзінің жеке пікірі мен ойын білдіруге көмектесу;
- оқуға деген оқушылардың мотивацияларын қолдау;
- басқалардың пікірлерін де сыйлау керек деген атмосфера құру;
- кейіпкерлерге деген сезімдері мен елестету қабілеттерін дамыту;
- өзгеруге стимул болады;
- сыни ойлауды дамытуды жоғары деңгейде қамтамасыз етеді.

Шетел тілі сабағында сыни тұрғыдан ойлауды дамыту тәсілдері оқушылардың танымдық әрекетін және дербестігін белсендіруге мүмкіндік береді. Мұғалімнен оқушыға ақпараттың енжар берілуі тиімсіз, өйткені ол қызығушылық тудырмайды, ізденісті ынталандырмайды және жансыз тәсіл болып табылады. Білім бір жерде тұрақталып тұрмайды,

біз суды бір ыдыстан екінші құйғанымыз секілді адамнан адамға берілмейді. Білім – серпінді, оның нақты бір адамға тән «түсінік жағдайы» бар. Жемісті белсенді жұмыс жасау үшін оқушылар ақпараттың негізгі көлемін игеруі тиіс, өйткені ол болашақта сол пән бойынша жеке ойын тиімді қалыптастыруға көмектеседі, сонымен қатар белсенді оқуды-зерттеуді ынталандыруға, негізгі білім алғаннан кейін пайда болған сұрақтарға жауап іздеуге оқушыларды қажетті құралмен қамтамасыз етуге көмектеседі. Мұғалімнің міндеті – таным мен ойлау үрдістерін көрсету, бұл студенттердің болашақта өз білімдерін құрастуруға пайдалы болатын бірнеше әдістер мен тәсілдерді үйренуі үшін қажет. Ойлау үрдісінің осындай көрінісі оқушыларға өз оқулары үшін жауапкершілікті алып, қалай оқу керектігін көрсетеді. Оқушылар өздері үшін таным мақсатын анықтауы, ақпаратты белсенді іздеу және өз үйренгендерін ойлануы қажет. Үлгіде мынадай сызба жүзеге асырылады: «шақыру-ұғу-рефлексия», бұл сыни ойлауды дамыту тәсілдерінің негізі болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту тәсілдерін пайдалана отырып шетел тілін үйрену тек оқушылардың ақпаратты іздеуде белсенді танымдық әрекетін қарастырып қана қоймай, сонымен қатар сараптау, ойлану, бағалау, әртүрлі көзқарастар қою, өз пікірін қуаттау, өз айтқанын дәлелдеу, қорытынды жасау, мәселелерді шешуді қарастырады. Алға қойылған мақсаттарға тиімді жету үшін тек шетел тілін оқытудың әдістері мен тәсілдерін қарастырып қана қоймай, сонымен қатар оқу бағдарламасын дамытып және өзгертіп отыратын, үйретуші материалдарды таңдағанда сыни қарайтын, дербес шешім қабылдайтын, оқушылардың жақсы нәтижеге қол жеткізуі үшін сұраныстарын, мүмкіндіктерін, қабілеттерін ескере отырып оқу үрдісін икемді жоспарлай алатын оқытушының дайындығын да есепке алады. Шетел тілін оқыту алдында белгісіз болған жаңаша нәрселерді анықтау, зерттеу, үйренуге жағдай жасаудан тұрады. Мұндай жағдайда, оқытушы тек ақпарат көзі ғана емес, ұйымдастырушы, мотиватор, дәнекер ролін атқарады, өйткені ақпараттың көлемі бір мезетте ұлғайып, бір мезетте ескіріп отырады. Осыған байланысты, мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі, сыни ойлауды дамыту әдістерінің арқасында барлық оқу тәртібінде, сонымен қатар күнделікті өмірде пайдаланылатын оқушыларды дербес жұмыс жасау дағдысына үйрету болып табылады. Оқу үрдісінде белсенді қатысу – шақыру сатысының мақсаты, өйткені оқушы тек қатысып қана саналы, мақсатты ойлай алады, өзінің әрбір сөзіне ойша енеді, бұл ақпаратты терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл сатыда қызығушылық тудыру және оқушылардың осы тақырып бойынша мақсаттарын анықтау маңызды болып табылады, өйткені адамның дербес қойған мақсаты біреудің міндеттеп қойған мақсатына қарағанда әлдеқайда күштірек. Қызығушылық пен мақсат оқушылардың белсенділігін қолдауда үлкен мәнге ие, өйткені жеке қызығушылық жеке мақсатты тудырады. Келісе алмаушылық пен қарама-қайшылықтың болуы жаңа нәрсені тануға ынталандырады. Материалдарды графикалық түрде ұйымдастыру арқылы (үлгілер, кестелер, диаграммалар, кластерлер) ойлау үрдісі нақтылы түрде іске асырылады. Ой өрісі, идеялардың өзара байланысы, ойланып толғану стратегиялары графикалық сурет түрінде болса анық, көрнекі әрі түсінікті болады. Бұдан басқа, материалдарды графикалық ұйымдастыру оқытудың барлық этаптарында қолданылуы мүмкін: зерттеуді ұйымдастыру тәсілі ретінде, оны қажетті арнаға бағыттау тәсілі ретінде, алынған білімді ойланып толғануды ұйымдастыру құралы ретінде[6]. Әртүрлі ойлануда, мейлі қай деңгейде болсын, жаңа нәрсені іздеу және ашу бар. Сыни тұрғыдан ойлау дегенде ойлау үрдісі мен нәтижесін бағалау, күшті және әлсіз жерлерін анықтай отырып айқын әрі ұқыпты ойлау қабілеттілігін түсінеміз. Бірақ бұл басқаларға сыни қарау деген емес. Сыни ойлауға түсіну, сараптау, бағалау, синтездеу секілді шығармашылық үрдістер кіреді. Сондықтан ойлауды сыни және шығармашылық деген түрлерге бөлу негізсіз болып табылады, өйткені ойлау әрқашан нәтижелі, демек креативті. Ойлаудың шығармашылық сипаты барлық этаптарда ашылады: білімнен бағалауға дейін. Алдында алған білім барлық студентте бірдей емес, сондықтан осы білімдерді шақыру фазасы әртүрлі формада болуы мүмкін. Идеяларды түсіну және оның мазмұнындағыларды өз сөзіне айналдыру әр оқушының оқу стиліне байланысты әртүрлі болып өзгеруі мүмкін. Білімін қолдану төменгі деңгейде болуына қарамастан, оның шығармашылық бастамасы бар. Жоғары деңгейдегі шеберлік (анализ, синтез, бағалау), сөзсіз шығармашылық тәсіл болып болып

табылады, өйткені байланыстар мен қарым-қатынастарды анықтау сыни, өнімді ойлауды қажет ететін серпінді әрі дамушы үрдіс болып табылады.

Шетел тілін оқыту үрдісінде сыни ойлауды дамыту тәсілдерін қолданудың бірқатар артықшылықтары мен кемшіліктері бар.

Артықшылықтары:

- оқушылардың белсенді қатысуы;
- олардың дербестігі мен креативтілігінің дамуы;
- танымдық мотивациясының өсуі;
- мазмұнын жылдам әрі жеңіл түсіну;
- оқыту механикалық жолмен емес түсіну арқылы жүзеге асырылады;
- қызығушылығының артуы;
- қызығушылықтың ұзақ уақытты болуы.

Қиындықтарына дағдылары мен икемділіктерін бағалау мәселесі және тәртіпті қадағалау қиындықтары жатады. Дегенмен, айқын артықшылығы, оқушылардың мұғалімге сүйенбей өз оқуларына жауапкершілікпен қарауы секілді оқушылардың дербестігінің дамуы болып табылады. Бірақ оны жалғыз мүмкіндік деп қарастырмау керек. Тек әрқилы тәсілдер тиімді әрі нәтижелі болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту үрдісі еңбек етуді әрі уақытты қажет етеді, сондықтан оларды күнделікті оқу үрдісіне қосу мүмкін емес. Екіншіден, бұл тәсілдерді қолдану үшін шақыру сатысында білім болуы қажет, негізгі қиындық осында, өйткені оқушылардың білім деңгейі бірдей емес, және де бастапқы сатыда оқушылар өз ойларын шетел тілінде толық жеткізе алмайтындықтан, бұл тәсілді қолдану қиындық туғызады. Дегенмен, сыни ойлауды дамыту тәсілі шетел тілін оқытуда тиімді болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлау тәсілдері оқушыларға өз мәтінін құру әдетін қалпытастырады, түзетулер жасау және оны аудиторияға айтуға бейімдейді. Сыни ойлай алатын оқушыны мынадай қасиеттер ерекшелейді: жоспарлауға дайындық, икемділік, табандылық, өз қателіктерін түзетуге дайын болуы, ымыралы шешім табу. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту тәсілдері оқушыларға шетел тілін нәтижелі оқытуға көмектеседі: біріншіден, топтық жұмыс оқытудың тиімді жағын, бәсекелестік атмосферасын құруға ат салысады. Топ құрамының жүйелі ауысып отыруы жаңалықты, өзгерісті сезіндіреді. Топта жұмыс жасап, оқушылар идеяларымен, білімдерімен, көзқарастарымен алмасады. Екіншіден, шығармашылық қиял барлық оқу үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Шетел тілі сабақтарының құрылымына сыни тұрғыдан ойлауды дамыту тәсілдерін енгізу оқушыларға оқып жатқан пәніне оң нәтижесін береді [7].

Шетел тілін оқыту үрдісінде сыни ойлау тәсілдерін қолдану нәтижесінде оқушының субъективті ұстанымы өзектіленеді. Берілген тәсілдер іздеу-бағалау-таңдау-проекция бағалы бағдарлау механизміне сай оқушының оқу қызметін ұйымдастыруға көмектеседі. Сыни ойлау тәсілдерінде барлық компоненттер көрсетілгенімен, таңдау - тұлғаның сыртқы және ішкі өмірлік қарекетінің қатынасы ретінде, проекция, болжам сияқты шынайы құрылымдық көрініс ретінде айқынырақ әрі жарқын. Шетел тілін оқыту үрдісінде сыни ойлау тәсілін қолдану осы үрдісті тек қарқынды қана қоймай, оқушыларда құндылықты қатынасты және қол жеткізу мотивациясын дамытады.

Сонымен шетел тілін оқытуда оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыру жолдарына: а) сабақтарда оқушыларға жеке тапсырмалар ұйымдастыру; ә) жұптық және топтық жұмыс түрлерін ұйымдастыру; б) оқытудың когнитивті тәсілдерін (дәлелдеу, қорыту, болжау, талдау т.б.) ұйымдастыруды жатқызамыз.

Американдық профессорлар Р. Дюрон, Б.Лимбах және У.Уофтың айтуынша сыни ойлау теориясы Бенджамин Блум таксономиясынан бастау алады. Төменгі деңгейлер ойлау қабілетін көп қажет етпесе, керісінше жоғары деңгейлері көбірек ойлауды қажет етеді. Б.Блум анықтаған когнитивтік саладағы алты деңгей әр түрлі танымдық қабілеттерге сыни ойлау әрекеттерін ұйымдастыру. Деңгейлер Талап етілетін оқушының қабілеті Орындалатын жұмыс түрлері Білім жалпы ақпаратты есте сақтау және қайталап айтып беру қабілеті Мұнда студенттен суреттеу, анықтау, атау кім?, не? арқылы анықталады. Түсіну деңгейінде

студенттің ақпаратты жете, терең түсінгендігі тексеріледі. Бұл жинақтау, түсіндіру, перифраз, салыстыру және ақпаратты, кейіпкерді қарама-қарсы қою арқылы тексеріледі. Қолдану оқушының ақпаратты, ойды белгілі бір ситуацияда қолдана алу қабілеті талап етіледі. Бұл деңгейде студенттер қолдану, құрау, мәселені шешу, қандай-да бір ақпаратты ашу, айқындау, көрсету тапсырмаларын орындайды. Анализ сыни ойлаудың ақпарат бөліктеріне және олардың функционалдығына негізделу арқылы анықталады. Мұнда оқушылардың ақпараттың құрылымын анықтау, ақпаратты негізгі бөліктерге бөлу, қабілеті тексеру, классификациялау, категорияларға бөлу, айырмашылығын табу, талдау арқылы тексеріледі. Синтез оқушының жаңаша, тың ойды ақпаратты біріктіру, тудыру үшін әр саладан білімін қолдана алу қабілеті. құрау, ойдан шығару, рөлдік ойын, болжау арқылы тексеріледі. Бағалау сыни ойлау ақпаратты бағалау, пікір білдіру қабілетіне негізделеді. Мұнда бағалау, сынау, комментарий жасау, болжау тапсырмалары орындалады. Р.Дюрон, Б.Лимбах және У.Уоф, Б.Блум таксономиясының төменгі деңгейлерінде (білу, түсіну, қолдану) тілді оқытуда конвергентті (convergent) сұрақтарды, жоғары деңгейлерінде (анализ, синтез, бағалау) дивергентті (divergent) сұрақтарды қоюды ұсынады. Конвергентті сұрақтар бір немесе екі нақты жауапты талап етеді (анықтау, айту), дивергентті сұрақтар ашық-жауапты, оқушының талқылауын, сыни тұрғыдан келуін қажет етеді (суреттеу, ойдан шығару, түсіндіру).

П.А. Фасион ағылшын тілі сабақтарында сыни тұрғыдан ойлауды алты когнитивті шеберліктер арқылы анықтайды: интерпретация, анализ, бағалау, қорытынды, түсіндіру және өзін-өзі реттеу. Интерпретациялық шеберлік ақпарат, жағдаят т.б. жұмыс түрлері бойынша түсіну мен пікір білдіру, негізгі элементтерді анықтау, оларды кейіпкерлермен салыстыра талқылау арқылы көрінеді. Қорытындылау шеберліктері сәйкес ақпаратты болжау және мүмкін болатын нәтижені мәліметтерден, ақпараттардан, ұсынылымдардан анықтау болып табылады. Өзін-өзі реттеу шеберліктері сыни ойлау шеберліктерінің ішіндегі ең маңыздысы, себебі сыни ойлаушының дербес ойлауын жетілдіреді. Өзін-өзі реттеу оқушы сұраққа жауап бергенде, пайымдау жасағанда, дәлелдеуде саналы түрде өзін-өзі қадағалауы, бағалауы болып табылады. Олай болса, сыни ойлау дегеніміз оқушының ақпаратты қорыта және бағалай алу қабілеті. Сыни ойлаушы мәселе көтере алатын, қажетті ақпаратты жинақтап, бағалай алатын, нақты сұрыптай алатын, түрлі пікірлерді қолдана, басқалармен қатынас жасай алатын тұлға. Ағылшын тілі сабақтарында сыни ойлау тапсырмаларын қолдану арқылы өз пікірі бар, басқаның пікірін есепке алатын, өздігінен шешім қабылдауға және жаңа ой- пікір ұсынуға қабілетті оқушының сенімділігін, өзіндік сана-сезімін, дербестігін, қалыптастыруға ықпал етеміз. «Ешқашанда үлкен қиындықсыз ұлы бастамалар болмайды» деген екен ұлы Вольтер.

Шетелдік ғалым Эдвард Глейзер сыни ойлау тұрғысынан ойлау қабілеттілігі үш элементтен тұратындығын болжап берді:

– Проблемалар мен мәселелерді шешу кезінде өзінің тәжірибесін қалыптастыру өрісіне кіретін ойлау үдерісін жүзеге асыру;

– Логикалық зерттеу мен ой жүгірту әдістерін білу;

Осы әдістерді қолданудағы тәжірибелік дағдылар.

Сонымен қатар, сыни тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына төменгі шаралар орындалғаны міндетті деп есептейміз және сабақ барысында басшылыққа алу қажет деп білеміз.

– оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;

– әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;

– үйрену барысындағы оқу-шылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;

– кейбір оқушылар түсіп қалған қолайсыз жағдайларды әжуаға айналдырмау;

– оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;

– сыни тұрғысынан ойлауды бағалай білу.

Адамның тұлғалық дамуының негізгі параметрлері бұл – оның жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс

сезімі, ой пікірдегі тәуелсіздік болып табылады. Осы қасиеттердің даму деңгейі тұлғаның әлеуметтік қалыптасу мен әлеуметтік біліктілігінің көрсеткіштері деп қарастыруға болады.

Жалпы білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, баланың тәрбиеленуі, білім алу және жан-жақты қалыптасуы, ана тілін, ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, ақпараттану, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру. Осы сияқты қасиеттерді білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылып жатқанын алға басып, Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстары бағдарламасының үшінші деңгейінде жеті модуль контекстінде қарастырылған сыни тұрғыдан ойлау модулі, Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік деп санаймыз.

Енді осы кезеңдердің мақсат-міндеттеріне толығырақ тоқталып өтейі А) Қызығушылықты ояту. Үйрену үрдісі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрды. Оқушылар жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан бастадым. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер етіп, жүзеге асыруды көздедім. Осы кезеңге тап болатын «Топтау», «Түртіп алу», «Жұпта талқылау», «Ойлану», «Болжау», «Әлемді шарлау» атты стратегиялардан бастадым. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші бағдары – оқушының белсенділігін арттыру, ойткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, парталасымен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушылар бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырды [8].

Екінші кезең сабақты түсіне білуден тұрды.

Ә) Мағынаны тану. Бұл кезеңде оқушылар жаңа ақпараттармен танысып, тақырып бойынша жұмыс істеді, тиісті тапсырмалар орындайды. Балалардың өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасау керек. Тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін INSERT оқыту стратегиясын қолдандым. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында – «білемін», «мен үшін түсініксіз», «мен үшін жаңа ақпарат», «мені таң қалдырады» деген жауаптарды «V, +, -, ?» – шартты белгілерін қойып отырып оқу тапсырмасы берілді. INSERT – балалардың оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал екендігі түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездесетін болатын. Стратегияны қолдану барысында, мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыра отырып, аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі екендігін түсіндік. Оқушылар білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады басты мақсат деп түсінеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қ.Ж.Тоқаев. Қазақстан халқына Жолдауы // Астана, - 2021. - 3 б.
- 2 Дж.Дьюи. Школы будущего. – Берклин. - 2002. – С.178.
- 3 Alexander, R.J. Children, their World, their Education: final report of the Cambridge Primary Review. London: Routledge. -2010.- 608pp.
- 4 Қазақстанда кредиттік оқыту жүйесінің / С.Б.Абдыгаппаров, Г.К.Ахметова, С.Р.Ибатуллин, А.А.Кусаинов, Б.А.Мырзалиев, С.М.Омирбаев; Жалпы ред. Ж.А. Кулекеев, Г.Н.Гамарник, Б.С.Абдрасилов. – Алматы: Қазақ Университеті, 2010. – 198 б.
- 5 Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: Опыт теоретического и экспериментального психологического исследования. – М.: Педагогика, 2006. – 240 с.

- 6 Клустер Д. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не? Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері. – Редакциялаған С.Мирсеитова, Ә.Іргебаева. – Алматы: ТОО Верена, 2009. – Б.106-116.
- 7 Вульф В.З., Харькин В.Н. Основы педагогики в лекциях, ситуациях, первоисточниках. – М.: УРАО, 2007. – 288 с.
- 8 Данильчук, Е.В. Информационные технологии в образовании. – Волгоград: Перемена, 2002. – 183 с.